

AQTÓǴAI AJARY

Aqtóǵai aýdandyq qoǵamdyq-saiası basylym

№26 (7915)

Жұма
23 маусым
2023 ЖЫЛ

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan
shyǵady

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz



Президент реформасы –
өміршең өзгерістер

Құрылтай құндылықтарды қанағаттандырды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде қоғамның рухани дамуының перспективалары мен тұжырымдамалық бағдарын ғана айқындап берген жоқ. Сонымен қатар, еліміздің жаңа идеологиялық стратегиясын іске асырудың нақты қадамдарын ұсынды. Біріншіден, Мемлекет басшысы ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруды, ұлттық құндылықтарды одан әрі дамытуды, халқымыздың бірегейлігін нығайтуды идеологиялық жұмыстың басты басымдықтары ретінде айқындап берді. Екіншіден, Қасым-Жомарт Тоқаев Президент қызметіне кіріскен сәттен бастап, Тәуелсіздік мұрағаты және патриотизм, еңбек пен білім мәдениеті, құқық пен тәртіп, адамгершілік пен жауапкершілік секілді құндылықтарды мақсатты түрде алға тартып келеді. Енді Президент бұл құндылықтарды «Әділетті Қазақстан – Берекелі қоғам – Адал азамат» атты бірыңғай тұжырымдамаға біріктіріп отыр. Қоғамның жаңа әдебин қалыптастыру бағытындағы жұмыс өте ауқымды. Оны жүзеге асыруға мемлекет те, тұтас қоғам да, еліміздің әрбір азаматы да жауапкершілікпен қарауы қажет. Үшіншіден, Мемлекет басшысы білім, ғылым, мәдениет салалары бойынша нақты жобалар ұсынды. Ақ бұл еліміздің идеологиялық бағытын дамытудың нақты бағдарламасы. Сонымен қатар ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру жөніндегі

бастамаларды тез арада іске асыру мүмкін емес. Осылайша, Президент ел дамуының ұзақ мерзімді күн тәртібін белгілеп берді. Төртіншіден, аталған бастаманың жұртшылыққа ұсынылған уақытын да ерекше атап өткен жөн. Біз қазір саяси реформалардың басым бөлігін жүзеге асыруды аяқтап, экономикада үлкен өзгерістерді бастайтын сәтте

тұрмыз. Сондықтан, Президенттің қоғамдық құндылықтарды нығайту туралы бастамасы дер кезінде көтеріліп отыр. Жалпы алғанда, біз Президент реформаларының үш бағыттағы үйлесімділігін көріп отырмыз: саясат, экономика, идеология.

Мәнінше, осы құрылтайда елдің көңілін күпті қылып жүрген тағы бір даулы мәселеге нүкте қойылды. Ол – қазақтың байтақ жерінің шетелге сатылмауы. Елдігіміздің айқын айғағындай болған шекарамыз бен ұлан байтақ мекеніміздің бір қарыс жері де, бір уыс топырағы да берілмейтіні нық сеніммен айтылды. Елдің екі шекарасы бар, бірі – мемлекеттің географиялық шекарасы болса, екіншісі – ақпараттық шекара. Ақ қазіргідей күн сайын ағылған ақпарат пен түрлі ағындарға төтеп беру өте қиын. Адами құндылықтардан ада қылуға үгіттейтін ойындар, шоулар, кинолар, басқа да медиа өнімдер біздің ертеңге деген алаңымызды үдете түскендей. Президент бұл жайды да назардан тыс қалдырған жоқ.

Жалпы, бұдан да басқа көптеген мәселелер мен шешілу тетіктері бірге талқыланған бұл құрылтайдың алдағы уақытта оң нәтижесін көреміз деп сөзміз. Ең бастысы, елдің іргесі аман, айналамыз бүтін болсын!

Д.Ізбасаров,
Ақши негізгі орта мектебінің
директоры.

«AQTÓǴAI AJARY»

Құрметті оқырман!

Аудандық «Ақтоғай асары» газетіне 2023 жылдың 2-ші жартыжылдығына жазылу науқаны басталды. Газетке «Қазпошта» аудандық ауылдық бөлімшелері арқылы жазылуға болады.

Жеке жазылушылар үшін индексі – 65031,

6 айға – 1500 теңге.

Мекеме, ұжымдар үшін индексі – 15031,

6 айға – 2000 теңге.

Аудан өмірінің айнасы, төл газетіңізбен алдағы уақыттарда да бірге болыңыз, ағайын!

Біздің мекен-жайымыз: Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, 1 А.

Анықтама телефондары: 2-18-81, 2-15-39. E-mail: aktogai_red@mail.ru

Құрметті тәртіп сақшылары,
ішкі істер органдарының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз 23 маусым – Қазақстан полициясы күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Қазақстан полициясы – еліміздің қоғамдық қауіпсіздігінің, тәртіпті қамтамасыз ету мен сақтаудың, азаматтардың еркіндігі мен конституциялық құқықтарын қорғаудың, қылмысқа қайтаң талап қоюмен қайтаң, қабілеттілігі жоғары мемлекеттік жүйе болып табылады. Сақшылардың кәсіби қызметі зор жауапкершілігімен, тәуекелге бел бууымен ерекше күрделі. Ауданымыздағы полиция қызметкерлері де тұрғындардың тыныштығы мен қауіпсіздігіне қызмет жасап, қоғамдық тәртіпті сақтау бағытында қырағылық танытып, нәтижелі қызмет атқарып келеді. Сондықтан, ауданның тәртіп сақшыларына зор алғысымызды білдіреміз.

Қадірлі полиция қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз құттықтай отырып, еңбектеріңізге табыс, қызметтеріңізге сәттілік пен абырой тілейміз. Қазақстан Республикасының өркендеуі жолында табысты қызмет ете берудіңізге тілектесміз.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Аудан әкімі
Р.Кенжебеков

Аудандық мәслихат
торағасы Р.Әбеуов

Құрметті мемлекеттік қызметкерлер!
Қадірлі әріптестер!

Сіздерді 23 маусым – Мемлекеттік қызметшілер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Мемлекеттік қызметкер – мемлекеттің айнасы. Өркениеттің өріле қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер болып табылады. Ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет. Халқымызда «Билігі мықты елдің тірлігі құтты болады» деген дана сөз бар. Мемлекеттік қызметшінің басты міндеті – Отаны мен халқына адал қызмет ету. Ауданымыздың әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан алға басуы жолында қызмет етіп жатқан азаматтарды мерекелерімен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, халыққа қызмет ету жолындағы адал еңбектеріңізге сәттілік тілейміз.

Аудан әкімі
Р.Кенжебеков

Аудандық мәслихат
торағасы Р.Әбеуов

Құрметті сот аппаратының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Судья және сот қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Биліктің бір тармағы саналатын сот жүйесі – елімізде адал құқық пен бостандығының сақталуын, қоғамда тұрақтылық пен дамуының қамтамасыз етілуінің бірден-бір кепілі. Сот жұмысының қызметі, әділдігі мен адалдығы – кез келген мемлекеттің демократиялық дамуының басты факторы болып қала бермек.

Осындай айтулы күні сот қызметкерлері мен ардагерлеріне ерен еңбегі және сот жүйесінің дамуы мен қалыптасуына қосқан зор үлестері үшін ризашылығымызды білдіреміз.

Сіздердің үлкен еңбектеріңіз бен жинақталған тәжірибелеріңіз – әрқашан құқық үстемдігін қамтамасыз етудің сенімді кепілі.

Қадірлі судья қызметкерлері!

Абыройы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің тәуелсіздігі баянды болып, Қазақстанның тұрақты дамуы мен келеленуі жолындағы еңбектеріңізге тілектілік білдіреміз.

Аудан әкімі
Р.Кенжебеков

Аудандық мәслихат
торағасы Р.Әбеуов

Проект

О внесении изменения в решение акима Актогайского района от 5 июня 2020 года №1 «Об образовании избирательных участков в Актогайском районе»

РЕШИЛ:

1. Внести в решение акима Актогайского района от 5 июня 2020 года №1 «Об образовании избирательных участков в Актогайском районе» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №5862) следующее изменение в приложении к указанному решению избирательный участок №472 исключить.

2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на руководителя аппарата акима Актогайского района.

3. Настоящее решение вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Акима Актогайского района Р.Кенжебеков.
"СОГЛАСОВАНО"
Актогайской районной территориальной избирательной комиссией.

Жоба

Актогай ауданы әкімінің 2020 жылғы 5 маусымдағы №1 «Актогай ауданында сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы ШЕШІМ:

1. Актогай ауданы әкімінің 2020 жылғы 5 маусымдағы №1 «Актогай ауданында сайлау учаскелерін құру туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізімінде №5862 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасындағы №472 сайлау учаскесі алынып тасталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Актогай ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Актогай ауданының әкімі Р.Кенжебеков.

"КЕЛІСІЛДІ"

Актогай аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен.

Қоғамдық кеңес төрағасы сайланды



Сегізінші шақырылған Актогай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 31 мамырдағы №4 сессиясының №43 шешіміне сәйкес Актогай аудандық қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсынуы негізінде

Актогай аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы болып **Қапасов Әуелбек Қапасұлы** сайланды.

Қапасов Әуелбек Қапасұлы 1952 жылы Актогай ауданына қарасты Сарытерек ауылында дүниеге келген. 1969 жылы Балқаш қаласындағы энергетика училищесіне оқуға түсіп, 1973 жылы алғашқы еңбек жолын бастайды. 1977 жылы Балқаш электр жүйесі кәсіпорнының Актогай бөлімшесіне автомат жөндейтін маман ретінде жұмысқа тұрады. Кейіннен Ресейдің Иванов қаласындағы Энергетика министрлігіне тікелей қарайтын оқу орнын тәмамдап, энергетик мамандығын алып, жолдамамен Актогай аймақтық электр торабының бас инженері болып еңбегін одан әрі жалғастырған. Әуелбек Қапасов «Ардагер энергетик», «Қазақстанның құрметті энергетигі» төсбелгілерінің иегері.

Қазақстан - 2050: білім стандарты

Дарынды оқушылар дәріптелді

Әне-міне дегенше үстіміздегі оқу жылы да өз мәресіне жетті. Оқушылар бір саты жоғары сыныпқа қадам басып, оны мен солын танып, ақылына ақыл қосты. Қаншама үкілеген үміт пен аяулы арман соңғы қонырау соғылған сәттен бастап қияға канат қакты. «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» деп Абай хәкім айтқандай, қоғамның кемшін тұсына бір-бір кірпіш болып қаланып, ел

2023 оқу жылын «Алтын белгі», «Үздік аттестатпен» аяқтап жатқан оқушылар санына қарап, жалпы, ауданымыздағы білім беру сапасының деңгейін бағамдауға болады.

Маусымның 20-сыңшы жұлдызында аудан орталығындағы «Ақ отау» мейрамханасында «Дарынды бала-2023: Мақсат. Қадам. Сөнім» атты өңіріміздің дарынды оқушыларын марапаттау кеші



мүддесінің қамын жейтін жас буын өмір дейтін үлкен сапарға қадам басты.

Әр оқу жылы жаңа оқу озаттарын екшеп шығарады. «Ақырын жүріп, анық басатын» ұстаздардың табандылығының нәтижесінде талай шәкірттің ілім-ғылымға деген зейіні ашылып, таным-түсінігі өзгеріп, көңіл көкжиегі кеңейеді. Әр оқушы өзінің құштарлығы мен қызығушылығына қарай түрлі білім бәсекелерінде бағын сынап, пайым-парасатын таразыға тартады. Биыл балалардың білімін шыңдайтын пәндік олимпиадалар аз өткен жоқ. Мектеп ішлік, аудан аралық, қала берді облыстық байқауларда жүлдемен оралған жерлестеріміз бір төбе. 2022-

болып өтті. Бұрын-соңды ауданымызда болмаған іс-шараны аудандық білім бөлімі ұйымдастырып, жоғары дәрежеде өткізді. Салтанатты кешке оқушылар мен ата-аналар, ұстаздар қауымы қатысты. Дарынды оқушылар шеруін мемлекеттік емтиханның қорытындысы бойынша «Алтын белгі» алған 9 және «Үздік аттестат» иегері атанған 11 оқушы бастап шықты. Лекті әрі қарай спорттық және шығармашылық байқауларда жеңіске жеткен және пән олимпиадасында жүлдемен оралған оқушылар жалғады.

Бұдан кейін ата-ана мен ұстаздың үкілеген үмітінің үдесінен шыққан оқушыларды құттықтау үшін аудан әкімі Р.Кенжебеков

мінберге көтерілді.

– Құрметті жас достар! Бүгінгі қошемет, бүгінгі құрмет баршасы сіздерге арналады. Жастар әрдайым жаңа идеялардың қайнар көзі, оң өзгерістердің қозғаушы күші

сында шөріден арнайы келген күміс көмей, жезтандай әншілер бірінің ізін бірі ала ән-жырдан шашу шашты. Келесі кезекте көпшілік алдына шыққан аудандық білім бөлімінің басшысы



болып табылады. Сондықтан, біз жас ұрпақтың осы әлуетін дұрыс бағытқа бастап, тиімді пайдалануымыз керек. Бүгінгі біздің дарынды да талантты, биік шыңдардан көрініп жүрген қатысушыларымыз барлық жеңістері мен жетістіктерін, өнерлерін тәуелсіз байтақ елімізге арнайды. Кез келген мемлекеттің болашағы – білімді ұрпақ. Бүгінгі жас – болашақ Қазақстанның жанды бейнесі. Жас ұрпақты білім жолына салып, түзу жолдан тайдырмай, санаға сәуле шашар оқу-білімнің тізгінін ұстату мемлекет пән қоғамның міндеті саналады, – деді өңір басшысы. Осылайша, оқушыларға деген ақжарма алғысы мен лебізін білдірген Р.Айттықұлы «Алтын белгі», «Үздік аттестат» иелерін марапаттап, сертификаттар мен сыйлықтар тарту етті. Салтанатты марапаттау рәсімінің ара-

А.Қуанышбаев спорттық сайыстарда, өнер және шығармашылық байқауларда жеңіске жеткен және пән олимпиадасында жүлдегер атанған жетпіске жетекабыл оқушыға «Алғыс хат» және «Дарынды бала-2023» сыйлығын табыстады.

Бұдан кейін Ж.Кенесбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің түлегі, «Алтын белгі» иегері А.Талғатқызы ортаға шығып, марапат алған барша оқушының атынан осы шараны ұйымдастырған және басы-қасында жүрген жандарға, осындай дәрежеге жеткізіп, білім шуағын сыйлаған ұстаздарға деген алғысын айтты.

«Дарынды бала-2023: Мақсат. Қадам. Сөнім» I аудандық салтанатты марапаттау кешінің соңында оқушылар мен ұстаздар жаппай естелік суретке түсті.

Е.ТЕМІРХАНҰЛЫ.

Мерекелік шара

Кәсіби мерекедегі құрмет

23 маусым күні аудан орталығындағы мәдениет үйінде Мемлекеттік қызметшілер, полиция және медицина қызметкерлері күні мерекесіне орай салтанатты шара болып өтті. Кәсіби

істер органдарының қызметкерлері мен ардагерлеріне жолдаймыз. Сіздерге мықты денсаулық, сәттілік, бақыт, рух сергектігін, отбасы амандығын және де бар игі жақсылықты тілейміз, – деді аудан басшысы.



Салтанатты жиында Шабанбай би ауылдық округінің әкімі А.Мұрасов, Жидебай би ауылдық округінің әкімі Д.Ұлтқыев Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Сондай-ақ, ауданның

мерекелерін құттықтаған аудан әкімі Руслан Кәжібеков бір топ сала үздіктерін марапаттап, ақжарма тілегін жеткізді. Мемлекеттік қызмет – жауапкершілік пен төзімділікті талап ететін абыройлы міндет. Қарапайым халық қиналған сәтте әкімдіктен, құзырлы органдардан қолдау күтеді. Дей тұрғанмен, жиі сынға

қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысып, жаңа қазақстандық қоғам құру ісіндегі жеке еңбек және шығармашылық үлестері үшін ауданның полиция бөлімінің басшысы, полиция подполковнигі С.Спанов, ПБ кезекші бөлімінің аға инспекторы Б.Үйсімбаев, ПБ ЖПҚБ УПИ полиция майоры Е.Кішкентаев,



ұшырайтын да осы сала. Шараны ашқан аудан әкімі Руслан Айтықкәдірұлы үш саланың да ел тарихында алар орнының ерекше екендігіне тоқталып, сала ардагерлері мен қазіргі қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады. – Бұл кәсіби мереке – мемлекеттік қызметте жүрген барша азаматқа ортақ. Әрине, осы саланың қиындығы да, жауапкершілігі де мол. Соған қарамастан, біздің басты міндетіміз – өңір дамуын алға бастыру. Себебі, мемлекеттік қызметші дегеніміз – ел тірегі. Сондықтан, біз қандай да бір шешім қабылдағанда оның арғы жағында мыңдаған адамдардың тағдыры тұрғанын түсінуіміз қажет. Бұл – үлкен жауапкершілік және бізге артылып отырған сенім. Міне, сондықтан мемлекеттік қызметте шыншыл адамдар жұмыс істеуі қажет. Сонымен қатар, бұл күні ерекше алғысымызды өз ғұмырын Отанына қызмет етуге арнаған ішкі

ауданның орталық ауруханасының жалпы тәжірибелік дәрігері Д.Анарматова, ауданның орталық ауруханасының мейірбикесі С.Белгітаева, ауданның орталық ауруханасының медбикесі М.Жақанова, ауданның орталық ауруханасының жедел жәрдем жүргізушісі Қ.Едебеков, аудан әкімі аппаратының қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Е.Омарбаев, Қусақ, Тасарал ауылдық округі, Шашубай кенті әкімі аппаратының бас мамандары С.Мырзамбеков, Ш.Сақимбаева, Б.Ақбузауоваға аудан әкімінің Құрмет грамотасы табысталды. Сонымен қатар, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына белсенді үлес қосып жүрген бір топ сала мамандарына аудан әкімінің Алғыс хаты бұйырды. Шырайлы шараның ресми мезіретін жеткізіп, ауданның «Арман» ансамблі өн-жырдан шашу шашты.

Думан Амангелдіұлы.

Ақтоғай ауданының аумақтық сайлау комиссиясының Ақтоғай ауданы, Тасарал сайлау округі әкімінің сайлауы қорытындылары туралы ХАБАРЛАМАСЫ

2023 жылғы 18 маусымда Ақтоғай ауданы Тасарал ауылдық сайлау округі бойынша Тасарал ауылдық округі әкімінің сайлауы өтті.

Ақтоғай ауданының аумақтық сайлау комиссиясы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес, Ақтоғай ауданының Тасарал ауылдық округі әкімінің сайлау нәтижесі туралы учаскелік сайлау комиссиясының хаттамасы негізінде сайлау қорытындысын белгіледі.

Ақтоғай ауданы Тасарал сайлау округі әкімінің сайлауы бойынша әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны:

- Жумаханов Б.М. – 0 (0%);
- Балтышев Е.Т. – 177 (95,16%);
- Барлығына қарсы – 6 (3,2%).

Тасарал ауылдық округінің әкімі болып Балтышев Ерик Таткенович сайланды, 1980 ж. туған, "Азаматтарға арналған үкімет" КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалының Халыққа қызмет көрсету бөлімінің басшысы, Приозерск қаласының тұрғыны, «Аманат» партиясының ұсынуымен.

Ақтоғай ауданының аумақтық сайлау комиссиясы.

Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының Тасарал ауылдық округінің әкімін тіркеу туралы Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының ШЕШІМІ

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабының 1-тармағына сәйкес, 2023 жылғы 18 маусымда болған әкім сайлауының Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Тасарал ауылдық округінің қорытындылары туралы сайлау комиссиясы хаттамасының негізінде Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы ШЕШТІ:

1. Балтышев Ерик Таткенович, 1980 жылы туған, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының Тасарал ауылдық округі әкімі болып тіркелсін. 2023 жылғы 21 маусым.

Ақтоғай ауданының аумақтық сайлау комиссиясы.

Қазақстан-2050: денсаулық стандарты

Бағдар айқындалды, жобаны нысықталды

Халық денсаулығы – мемлекеттің үнемі назарда ұстайтын басты құндылықтарының бірі. Себебі, ел ішінде «Бірінші байлық – денсаулық» деген тәмсіл бар.

Президент Қ.Тоқаев халыққа арналған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында ауыл медицинасын дамытуға, шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарын сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз

ету, сондай-ақ, ауыл тұрғындарына шұғыл медициналық көмекті уақытылы көрсетуді арттыру», – деді.

Президент пәрменіне сай жүзеге асып жатқан жоба еліміздің барлық өңіріне жетті. Күні кеше аудан әкімінің орынбасары А.Аманжолов аудандық орталық ауруханаға арнайы барып, медицина қызметкерлерімен жүздесіп қайтты. Кездесу барысында А.Базылұлы жоғарыда аталған ұлттық жобаның мәні



етуге бағытталған ұлттық жоба қолға алынатынын айтқан болатын.

ҚР Денсаулық сақтау министрі А.Ғиният өзінің бір сұхбатында: «Президент 2023 жылдан бастап ауыл тұрғындарының медициналық көмекке сұранысын қанағаттандыруға арналған ұлттық жобаны іске асыруды тапсырды. Осы мақсатта біз «Ауылдық денсаулықты жаңғырту» ұлттық жобасын іске қосу және іске асыру үшін тиісті есептемелер жүргізіп, қажетті шараларды айқындадық. Ұлттық жобаның негізгі мақсаты – барлық ауылдық елді мекендерді нормативтерге сәйкес алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарымен қамтамасыз ету есебінен қалалық және ауылдық денсаулық сақтау арасындағы алшақтықты қысқарту мен маңызына тоқталып, ақ халатты абзал жандарға жіпке тізгендей жеке-жеке түсіндірді. Сонымен қатар, жиынға облыс орталығынан арнайы келіп қатысқан облыстық денсаулық сақтау басқармасының стационарлық көмекті дамыту және үйлестіру бөлімінің басшысы С.Әмірқұлова, халықты ақпараттандыру және әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорының өтіншістерді қарау бөлімінің басшысы Ж.Рақышева, «Ақтоғай ауданының орталық ауруханасы» КМК директорының міндетін атқарушы Б.Шажалиев қатысып, әрқайсысы ақпарат жасады. Жиын барысында дәрігерлер тарапынан әр алуан сұрақтар қойылып, тиісті сала басшылары жауап қайырды.

Е.МҰСТАФИН.

Әдеп кодексінің сақтау – мемлекеттік қызметшінің міндеті



Мемлекеттік қызмет қоғам тарапынан ерекше сеніммен берілген аманат деп білемін. Бүгінгі таңда өзекті де әрі өткір мәселелердің бірі мемлекеттік қызметшілердің әдебі екендігі мәлім. Қызметшілердің жүріс-тұрысын реттеуі, өз жұмысына деген жауапкершілігін шындауы, қоғам мен азаматтардың сұраныстарына уақытылы жауап беруі,

сонымен қатар, кәсіби тәжірибесін нықтауы бүгінгі күннің басты талабы.

Әдеп кодексі жалпы ережелері, мемлекеттік қызмет әдептік қағидағдары, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттары, қызметтік әдепті бұзудың профилактикасы бойынша үйлестіру, қызметтік әдепті бұзғаны үшін жауаптылық деп аталған бес бөлімнен тұрады.

Әдеп кодексінің басты міндеті – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін төртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды өзірлеу, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау, әдеп жөніндегі

уәкілдердің қызметін үйлестіру және мемлекеттік органдардың төртіптік комиссияларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар өзірлеу болып табылады.

Әдеп кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар күшейе түсті. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс. Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметшілер жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстанып, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге тиіс. Көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен

байланысты мінез-құлық стандарттары мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның бұған уәкілеттік берілген лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен мінез-құлықтарына үлкен мән берілуде.

Сондықтан, мемлекеттік қызметте үлкен жетістіктерді бағындыруды көздеген әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексінің және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдарының талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы қажет.

Б.Әмірғасым,
Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының басшысы–Әдеп жөніндегі уәкілі.

Мемлекеттік қызмет – мәртебелі міндет

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев өзінің «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біздің мұратымыз – Жаңа Қазақстанды құру. Жаңа Қазақстан егемен еліміздің болашақтағы бейнесі» екендігін айқындап берді. Президент «маңызды шешімдердің жұртшылықтың қатысуымен ашық қабылданатынын және мемлекет әр азаматтың үніне құлақ асатынын» атап өтті. Бұл ретте «адал еңбек, озық білім және үздік тәжірибе әрдайым жоғары бағаланады». Бұл еліміздің мемлекеттілігін нығайтып, қоғам мен мемлекетті түбегейлі өзгертуге, ең ақыры жаһандық және ішкі сын-кәтерлерге қарсы атқарылатын ауқымды дүниелердің сапалы атқарылуына деген салмақты саясаттың нәтижесі болатыны сөзсіз.

Даму кезеңімізде мемлекеттік қызметті жетілдіруге бағытталған реформалар жүргізіліп, уақыттың көші жылжыған сайын мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптар да барынша күшейтіліп келеді. Нәтижесінде, бұл мемлекеттік қызметтің сапасының артуына мүмкіндік береді. 1999 жылы 23 шілдеде мемлекеттік қызметшілердің барлық міндетті, мақсатты қырларын айқындайтын «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң қабылданды. Қолданыстағы осы заң бүгінгі күнге дейін бірнеше рет өзгертіліп, толықтырулар енгізілді. Бірнеше жыл бұрын мерекелік күнтізбенің қатарына 23 маусым – Қазақстан Республикасында «Мемлекеттік қызметшілер күні» болып бекітілген болатын. Мерекенің басты мақсаты – мемлекеттік орындарда қызмет істейтін азаматтардың жұмысқа деген ынта-жігерін арттыру, жылдар бойы сіңірген еңбегін назардан тыс қалдырмай, марапаттау, елге талмай еңбек етіп жатқан азаматтарымыздың шығармашылығына шабыт беру, халық пен билік арасындағы байланысты нығайту тусу болып табылады. Бұдан басқа, марапаттаулар қатарына «Үздік мемлекеттік қызметші» төсбелгісі бекітілді. Мұның барлығы мемлекеттік қызметшілердің абыройын көтеріп, қызметіне деген сүйіспеншілігін арттырып, жарқын нәтижелерге ынталандыруға септігін тигізеді деп есептеймін. Жалпы, мемлекеттік қызмет мен үшін жауапты міндеттер жүктейтін абыройлы лауазым болып табылады. Бүгінде әрбір арнайы орта және жоғары

білімі бар жас мамандарға мемлекеттік қызметке келу үшін оңай жағдай жасалған. Бұл қызмет түрі үміткерден небәрі жеткілікті білімді, құқықтық сауаттылықты, өнегелі төртіпті, адалдық пен ар-намыс тазалығын талап етеді. Жоғары кәсіби мемлекеттік қызметті және тиімді басқару құрылымын құру ісінде міндеттерді іске асыру көбіне мемлекеттік қызметшінің кәсібиілігіне байланысты. Сонымен қатар, маңызды функционалдық және мәртебелік маньзы бар мемлекеттік қызмет имиджі халықтың мемлекеттік аппаратқа сенімі деңгейінің көрсеткіші және қоғамның басқару қызметінің тиімділігін бағалау өлшемі болып табылады. Қазіргі таңда Ақтоғай ауданы әкімі аппаратындағы, кент, ауылдық округтер әкімдерінің аппаратындағы, дербес бөлімдердегі «Б» корпусының мемлекеттік қызметшілердің 131 штат бірлігі болса, 129 мемлекеттік қызметкерлер нақты жұмыс жасайды. Ағымдағы жылдың 2-тоқсанында 9 адам конкурстық негізде жұмысқа қабылданды. Жұмысқа қабылданғандар аудандық дербес бөлімдерге, ауылдық округтер әкімдері аппаратына орналасты. Қазіргі уақытта 2 бос орын бар. Бос орындарды толықтыру жұмыстары жалғасуда.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңының 34-бабына сәйкес 2023 жылға мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру курсынан өту жоспар кестелері бекітілді. Жоспар кесте бойынша ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару Академиясының Қарағанды облысы бойынша филиалынан біліктілігін арттыру курсынан өтетін мемлекеттік қызметкерлердің саны – 38, қайта даярлау курсынан өтетін мемлекеттік қызметкерлердің саны – 4. Жоспарға сәйкес 38 мемлекеттік қызметкерлер біліктілігін арттыру курсынан жоғарыдағы аталған оқу орнымен «Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» ММ-сі орталықтандырылған келісім-шартқа отырып, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент және комплаенс» тақырыбында біліктілігін арттыру семинары көшпелі түрде Ақтоғай ауданында өткізіліп, сертификаттар табысталды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын Ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіру жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған



жол картасына сәйкес «Үздік ауыл әкімі», «Үздік мемлекеттік қызметші», «Үздік сапалы қызмет көрсетуші» республикалық байқауларына ауданымыздың мемлекеттік қызметшілері үнемі қатысады.

Ақтоғай ауданы әкімі аппаратындағы, кент, ауылдық округтер әкімдерінің аппаратындағы, дербес бөлімдердегі мемлекеттік қызметшілердің тарапынан Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) сақталуы тұрақты бақылауға алынған. Барлық мемлекеттік қызметшілер Әдеп кодексімен жазбаша түрде танысып, қолдары қойылған. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған жөшік пен басшының және оның орынбасарының азаматтарды жеке қабылдау кестесі орналастырылған. Сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық туралы ақпараттар бойынша «Сенім телефонының» үздіксіз жұмыс істеуі ұйымдастырылған.

Аудан әкімдігіне қарасты барлық мемлекеттік қызметшілер және олардың жұбайлары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес ағымдағы жылдың I тоқсанында 2022 жылғы кірістері және мүлкі туралы декларацияларын уақытында тапсырды. Ауданда төртіптік, конкурстық, еңбек өтілін есептеу комиссиялары құрылып, жұмыстары жүргізілуде.

Н.Смағұлов,
Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) бөлімінің басшысы.

23 маусым – Қазақстан полициясы күні

Аудандағы қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің сақталуы, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы – ішкі істер органдары қызметкерлерінің алдында тұрған ең басты міндет. Асқан қырағылық пен табандылықты талап ететін бұл қызметтің жауапкершілік жүгін арқалау оңай емес. 23 маусым – Қазақстан полициясы күні мерекесі қарсаңында Ақтоғай аудандық полиция бөлімінің басшысы, полиция подполковнигі Серікбол Спановты әңгімеге тартқан болатынбыз.

Полиция – тыныштық пен тұрақтылықтың қорғаны



Тілші: – Серікбол Кабибollaулы, мереке құтты болсын! Әңгімені алдымен өзіңіз басқарып отырған бөлімнің жыл ішінде атқарған жұмыстарынан бастасаңыз.

С.Спанов: – Ел егемендігінің алғашқы жылдары Қазақстан аумағында 1992 жылғы 23 маусымда «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» ҚР Заңы қабылданып, 2007 жылы Мемлекет басшысының Жарлығы бойынша 23 маусым Қазақстан полициясы күні болып бекітілген болатын. Ел тәуелсіздік алып, егемендіктің көк байрағы алғаш көтерілген жылдары негізі қаланған біздің ұжым бүгінде 31 жылдық мерейлі мерекені жақсы көрсеткіштермен қарсы алып отыр.

Ақтоғай ауданындағы полиция бөлімінде жалпы 6 бөлімше жұмыс жасайды. Тергеу, штаб, кадр, әкімшілік полиция, кезекші, уақытша ұстау изоляторы және жергілікті полиция бөлімшесі қызметкерлерінің қоғамдық тәртіпті сақтауда өзіндік жеке-жеке міндеттері бар.

Өңіріміздегі 17 учаскелік тірек пункт азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау мақсатында жұмыс атқаруда. Аудандық ПБ қызметкерлерінің кәсіби шеберліктері арқасында ірі қылмыстарды ашуда да қызметкерлеріміздің тәжірибелері молай түсуде. Полиция қызметкерлері жасөспірімдер арасындағы қылмыстарды болдырмау және жасөспірімдерге қарсы қылмыстардың алдын алу бойынша жұмыстар атқаруда, сонымен қатар, мектептерге бекітілген полиция инспекторлары таңертеңнен бастап кешкі уақытқа дейін жасөспірімдер арасында профилактикалық жұмыстар жүргізуде. Өңірімізде көп болмаса да, бөтеннің мүлкін ұрлау, тонау сияқты қылмыстар орын алып тұрады. Қазіргі таңда қырағы сақшыларымыздың атқарған жұмыстарының нәтижесінде аталған қылмыс түрлері біршама төмендеп, ашылу пайыздары жоғарылады.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда мал ұрлығы қылмыстарының алдын алу, жолын кесу, болдырмау бағытында да біраз жұмыстар атқарылып келеді. Полиция қызметкерлері тарапынан бөтен мүлік ұрлығының алдын

алу мақсатында аудан тұрғындарына түсіндірме жұмыстары жүргізіліп тұрады. Малдарды қараусыз жібермей, күзетті күшейту керектігі, төрт түлікті таңбалау және жергілікті тұрғындар арасында мал бағынын ұйымдастырудың маңызы жайлы ақпараттар берілуде. Ақтоғай ауданы бойынша бағынсыз жүрген малдарды қамау бойынша бір арнайы зағон бар. Қалған елді мекендермен 3 жақты меморандум жасалған. Алайда, мал иелері бұл жұмыстарға әлі де салғырттық танытып келеді.

Тілші: – Қоғамдық тәртіпті сақтау – ортақ қолданатын белгісі. Бұл мақсатта қандай жұмыстар атқарылуда? Ұлт болашағы ұрпақ тәрбиесіне байланысты. Бұл жайында не айтасыз?

С.Спанов: – Ұсақ құқық бұзушылыққа төзбеу ахуалы – қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды кадам. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, жастардың қоғамдық орындарда өздерін ұстай білу мәдениетін дамыту, аулалар мен демалатын орындардағы мемлекеттік мүліктерді бұлдіру, ұрлаудың алдын алу, кез келген тәртіпсіздікке «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру шараларын күшейту мақсатында біз үнемі жоғарғы, орта арнаулы оқу орындарының студенттерімен, мектеп оқушыларымен кездесу ұйымдастырып келеміз.

Осыған сәйкес, мамандар қандай да бір құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында ата-аналар қауымын балаларының әрекеттерін қатаң бақылауға алуды ескертеді. Бұдан бөлек, жыл бойы «Жасөспірім», «Абайлаңыз, балалар!», «Түнгі қаладағы балалар» рейдтік шаралары жүйелі түрде жұмыс жасайды. Үстіміздегі жылы жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің қызметкерлерімен 765 құқық бұзушылық анықталған.

Тәртіп сақшыларының қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алып, қоғамдық тәртіпті нығайтып және жедел іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін бес қаруының сай болуы аса маңызды.

«Ашықтық – қоғам айнасы» дейді. Полиция жұмысы халыққа қызмет етумен тікелей байланысты. Елмен етене араласып, ашықтық саясатының аясын кеңейту бағытында ауыл тұрғындарымен бетпе-бет жүздесіп, көкейлерінде жүрген мәселе төңірегінде ақылдасу мақсатында азаматтарды қабылдау шаралары ұйымдастырылып келеді.

Тілші: – Әріптестеріңізге мерекелік лебіңізді білдірсеңіз.

С.Спанов: – Иә, полиция күні – ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасы мүшелерінің де мерекесі. Осындай мерейлі сәтте туған елінің тыныштығы үшін табанды еңбек етіп жүрген ішкі істер органдарының барлық қызметкерлері мен ардагерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтаймын.

Тілші: – Сұхбатыңызға рахмет!

Қызметіне қалтқысыз азамат



жоғары политехникалық колледжінде төтенше жағдайлардан қорғау мамандығы бойынша білім алған.

Жалпы, заң саласында қызмет етуді мақсат еткен Ағыбай бала арманына қол жеткізу үшін Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп келген соң, 2017 жылы Қарағанды қаласында айдауылдау (конвой) қызметі тобының полицейі болып еңбек жолын бастайды. Кейіннен Ақтоғай аудандық полиция бөлімінде ғимаратты күзету тобында 2 жыл жұмыс істесе, өткен жылдан бастап аталмыш бөлімде ақпараттандыру және байланыс тобының аға инспекторы болып қызметін атқаруда.

Өз қызметтік міндетіне адалдық танытып, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, халық арасында сақтық жұмысын жүргізіп, азаматтардың қауіпсіздігі, заңдылық пен құқық қорғау саласына зор үлес қосып келе жатқан жас маманның еңбек жолында жеткен жетістіктері аз емес.

Ол халықтың мүддесін биік қоя жүріп, тыныштықтың сақталуын басты міндеті санайды. Күн-түн демей халықтың сеніміне селкеу түсірмей қызмет етіп жүргендердің ерен еңбегін атап өтпеске болмайды. Қызметіне деген асқан жауапкершілікті сезінетін Ағыбай өз саласы бойынша биік шыңдарды бағындырып, үздік атансам деген тілегімен де бөлісті.

Оның осындай жүректен бұлқынып шыққан мақсат-тілектерінен қызметіне деген сүйіспеншілік, бойынан тегеурінділік қасиеті байқалғандай болды. Әңгіме сонында жас маман осынау қиын да қызықты қызметтің қыр-сырын, әріптес ағаларынан әрдайым бағыт-бағдар алып отыратынын ерекше атап өтті. Сонымен қатар, жақсы ұжымның ортасында табандылық танытып жатқанын мақтанышпен жеткізе келе, қолдау көрсетуден алдына жан салмайтын әріптестерін мерейлі мерекелерімен де құттықтады. Өз кезегімізде біз де Ағыбай Сүйіндіқұлын Полиция күнімен құттықтап, қызмет жолында тек жетістікке жете берсін дегіміз келеді.

Жыл сайын 23 маусым күні Қазақстан Республикасының Полиция күні атап өтіледі. Ішкі істер органдары еліміздің дамуының барлық кезеңдерінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және қылмысқа қарсы күрес, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде Мемлекет басшысының алға қойған міндеттерін табысты орындап келеді. Батыр тұлға Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген бір ауыз тәмсілі осы ойымыздың жиынтығындай. Расында, ірге сөгілмей күн кешуіміз сақшылардың тынымсыз еңбегінде жатыр.

«Қазақстан Республикасына адал қызмет етуге ант етемін» деп қызметке қабылданған құқық қорғау саласы мамандарының жұмысы өзіндік ерекшелікке, қиындыққа толы. Тәулік бойы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету міндетін мойнына алған полицейлердің бірі – Шапибай Ағыбай Сүйіндіқұлы.

– Әрбір тәртіп сақшысына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Бұл қызмет адамнан қажыр-қайратты, ерлікті, табандылықты талап етеді, – деді ол.

Кейіпкеріміз мектеп қабырғасын Ақтоғай ауылындағы К.Байсейітова атындағы білім ордасында тәмамдап, Қарағанды

Біз есірткісіз болашақты қолдаймыз!

Қазіргі кездегі ең өзекті және өткір мәселелердің бірі – синтетикалық есірткінің таралу проблемасы. Есірткі нарығының синтетикалық есірткілермен және жаңа психоактивті заттармен толығуы жаһандық және жалпы әлемдік ауқымға ие болып отыр.

Бұл мәселе Президентіміздің жеке бақылауына алынып, 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында айтылған, сондай-ақ, сайлауалды платформаға енгізілгеннен кейін елімізде синтетикалық есірткінің таралуына қарсы іс-қимыл бойынша жүйелі жұмыс жүре бастады.

Мәселен, қабылданған заңнамалық нормалардың арқасында қазірдің өзінде Қазақстандағы синтетикалық есірткінің барлық белгілі түрлері (1 мыңнан астам) бақылауға алынды.

2019-2023 жылдар аралығында есірткілердің тізімі 4 рет толықтырылып, жалпы саны 145 затқа жеткен. Соңғы рет ағымдағы жылдың 14 наурызында толықтырылды (27 зат енгізілді). Сонымен қатар, есірткі таратқаны үшін жауапкершілікті қатайту шаралары қабылданды.

2020 жылы есірткіні тұтынуға бейімдеу және Интернет арқылы тарату ауыр және аса ауыр қылмыстар санатына жатқызылды (жазаның түрі – 5 жылдан өмір бойына бас бостандығынан айыруға дейін).

Қылмыстың жаңа құрамына есірткіні жарнамалау және насихаттау енгізілді, оған «граффити-суреттерді» және есірткінің заңсыз айналымы туралы өзге де ақпаратты таратушылар жатады.

2021 жылы «синтетика» заттардың ауыр түрлеріне теңестірілді, оны сақтағаны үшін қылмыстық жауапкершілік 1 грамнан басталады (бұрын 50 г).



Бетті дайындаған Думан ҚАБЫЛ.



Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған жылдан бергі сот жүйесінің дамуын мынадай кезеңдерге бөліп қарастыруға болады.

Бірінші кезең: Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясының қабылдануы. Ол сот билігінің ұйымдастырылуы мен қызметінің негізгі қағидаларын бекітіп берді. Осы Конституция бойынша Конституциялық сот, Жоғарғы Сот, Жоғары төрелік сот пен төменгі сатыдағы соттар сот төрелігі органдарына жатқызылды.

Екінші кезең: 1995 жылы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз етудің қажетті кепілдіктерінің болуын қарастырды. Төрелік соттар жүйесі таратылып, олардың функциялары жалпы юрисдикция соттарына берілді. Бұл Конституцияның қабылдануы қоғамды әрі қарай демократияландырудың шынайы қажеттілігі, тәуелсіз Қазақстанның конституциялық дамуының жаңа кезеңінің бастауы болды.

1995 жылы 25 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы соттар мен судьялардың мәртебесі туралы» №2694 Конституциялық заң күші бар Жарлығы соттар қызметінің негізгі қағидаларың, соның ішінде судьялардың құқықтық және әлеуметтік кепілдіктерін айқындап берді. Сот жүйесінің одан әрі дамуы 2000 жылғы 25 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның қабылдануына орай жаңа қарқын алды. Конституциялық заң сот-құқықтық реформасының кезекті кезеңіне жол ашты.

Үшінші кезең: 2002 жылы сот жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған мемлекеттік Құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылдануы еді. Тұжырымдамада сот жүйесін жетілдірудің, судьялардың тәуелсіздігін нығайтудың негізгі критерийлері тағы да айқындалды. Сот жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында экономикалық, әкімшілік, ювеналдық (көмелетке толмағандар ісі бойынша) және басқа да арнаулы соттар институтын дамыту мәселесін қарастыру, сондай-ақ азаматтық-құқықтық дауларды шешудің балама әдістерін, мысалы, аралық соттардың қызметін заңмен реттеу, оларды халықаралық стандарттарға жақындата отырып, қарастыру көзделді. Сот жүйесіндегі құрылымдық өзгерістерге орай, сот ісін жүргізудің де заңнамалық тұғыры жасалды. 2006 жылғы 16 қаңтарда «Алқабилер туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдар қабылданып, аса ауыр қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық істерді қарауға алқабилердің қатысуы қарастырылды. Сонымен қатар, азаматтық құқықтық қатынастардан туындайтын дауларды шешудің баламалы әдістерін енгізу мақсатында 2004 жылғы 28 желтоқсанда «Аралық соттар туралы» және «Халықаралық коммерциялық төрелік туралы» заңдар қабылданды. Бұл заңдар дауларды соттан тыс шешу тәртібін қарастырады.

Төртінші кезең: Құқықтық саясат тұжырымдамасының 2020 жылға дейінгі кезеңге арналып белгіленген қағидаларын жүзеге асыру елімізде сот жүйесін одан әрі дамыту деңгейін жаңа сатыға көтеруге және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сенімді қорғалуына кепілдік береді.

«Аталыдан би қойсаң...»

Бажайлап байқасаңыз, дөңгеленген дүниеде барлығы қос-қостан, қарама-қайшылықтан жаралған. Ақ пен қара қатар жүретіні секілді жақсылық пен жамандық та бірінің ізін бірі басып, алмасып отырады. Өмірдің негізгі мәні де сонда. Тұла бойында тел өсіп, төлежіп келе жатқан осы екі мінездің қайсыбірін түншықтырып, қайсыбірін жандандыруы адамның ортасына, рухани тұрғыда бай болуына байланысты.

Діни әпсана бойынша адамзат тарихындағы ең бірінші жауыздық һәм жамандық Адамның ұлы Абылға Қабылдың қолымен жасалған. Дөңгеленген дүниеге табаны тиген алғашқы адамдардан бастау алған жақсылық пен жамандықтың майданы күні бүгінге дейін желісі үзілместен жалғасып келе жатыр. Қақ-соқпен ісі жоқ, қойын бағып, қойыртыптың ішіп, құбақан ғана тып-тыныш ғұмыр кешіп жатқан ауыл ішін ала тайдай бүлдіретін бұзақылар қашанда табылады. Алтай мен Атыраудың арасындағы ұшқан құстың қияғы, шапқан тұлпардың тұяғы талатын ұланғайыр атырапта көшпелі өмір сүрген ежелгі қазақ мәдениетінде «бүйректен сирақ шығарып» басқа шауып, төске өрлеген төтегің тезге салып, ру ішіндегі дау-дамайды сыртқа шығармай-ақ, ішінара түйгілдің түйінін тарқататын ақсақалдар алқасы, билер мен шешендер болған. Талай тұғырлы тұлғаларымыздың күрделі мәселелердің күрмеуін тарқатып, төрелігін айтты деген ел ішіндегі аңыз-әңгімелеріне қараймыз. Қара сөзде өзгелерге дес бермей, «қияннан қиястырып», тығырықтан жол тауып шығатын билерімізден қалған нақыл сөздері, еститін құлақ, ұғатын сана болса адам баласының ғұмырлық азығы болар еді. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген тәмсіл содан қалса керек.

Мемлекетті мемлекет ететін заң десек, сол заңның мүлтіксіз орындалуын қадағалап, әділдік принциптерін жүзеге асырушылардың алдында қоғамның және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қол-сұғушылықтан қорғайтын орган – сот жүйесі. Себебі, елдегі барша азамат заң алдында тең болғандықтан, оларға қатысты заңбұзушылық жағдайы байқалғанда істің ақ-қарасын анықтап, айыптыны тезге салатын сол – мемлекеттік сот органы.

Баршамызға белгілі, сот мемлекетпен бірге пайда болады. Дегенмен, сот билігі – мемлекет заңдарымен әрекет ететін ұйым. Оның шешімі тәуелсіз. Сот үшін басты ұстаным – мемлекеттің заңдары. Сондықтан, оның жұмысына ешкім сырттан ықпал ете алмайды. Заманауи сот жүйесінің негізі осыдан үш ғасыр ілгеріде қалыптасты. Сол кезден бастап сотты және сот өндірісін ұйымдастырудың демократиялық қағидалары қалыптаса бастады.

Қазақ халқының құқықтық жүйесінде билер сотының мәртебесі мен мәнін айқындайтын бірқатар айшықты қағидалар мен нормалар қалыптасқан. Олардың негізі ха-

лықтың құқықтық түйсігіне терең бойлап, мазмұны мен мәнісіне жете баға берген. Мәселен, «Би төрттің құлы: адал еңбек, таза ниет, терең ой, әділдік». Айтылған ойдың астарлы мағынасынан биікті бағындырып, аққа жаршай болған судьяның тағдыры қандай болуы керектігін ұғына аласыз. Жалпы, бүгінгі таңда өркениетті елдерде қалыптасқан өлшемдер негізінде таразыласақ, сот төрелігінің әділдігі және оның жедел әрі толық орындалуы кез келген елдің кемел болмысының көрінісі болып табылады. Ал, оны жүзеге асыратын басты тұлға – судья. Сондықтан, әділдіктің айнымас жолында тер төккен қазыларымыз судья әдебінің нормаларын қатаң ұстануы қажет.

Дана халқымыз «Билік айту – онай, біліп айту – қиын» деп бекер айтпаса керек. Ендеше, ақиқат жолымен жүру, әділ қазылық ету – әрбір судьяның басты парызы. Қазы – халық ожданы.

Жалпы, судья жұртшылықтың сот төрелігі жүйесіне деген сенімін нығайту мақсатында мінез-құлықтың жоғары деңгейін танытуға және оны жетілдіріп отыруға міндетті. Бұл дегеніміз жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғаудың үйлесімді ұштасуын қамтамасыз ететін тәуелсіз сот төрелігін қолдау үшін негіз болып табылады.

Осындай абыройлы да жауапкершілік жүгі зіл батпан мамандыққа саналы ғұмырын арнап, табан аудармастан бұқараның мүддесі үшін қалтқысыз қызмет еткен жаңдар аз емес. Сондай өз ісіне адал азаматтардың бірі – Самат Рысжанов. Самат ағамыздың есім сойын төмам Ақтоғай халқы білуі тиіс. Себебі, ол ауданымыздағы сот саласында қырық жылдан астам уақыт жемісті еңбек еткен жан.

24 маусым – Судья мен сот қызметкерлерінің күніне орай ойланып-толғанып, жуырда ғана мерейлі 65 жасқа қадам басқан Самат Маралбайұлы хақында қалам сілтегенді күп көрдік. Кейіпкеріміз бүгінгі таңда құрметті еңбек демалысына шыққан. Десе де, талай жыл бір салада қатар жүріп, үзегі қағыстырған, бір терінің пұшпағын илеген әріптестерінің Самат ағамызға деген пейілі мен көңілі ақжарқын екен. Қоңырау шалып тілдескенімізде, бәрі де бір кісідей кейіпкеріміз жөнінде жүрекжарды лебіздерін білдірді.

Жалпы, Самат ағамыз 1958 жылы 19 маусымда дүниеге келген. Кейін көпшілер шөріндегі Е.Бөкетов атындағы мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, аттай төрт жыл өткеннен кейін заңгер мамандығын алып шықты. Содан еңбек жолын 1979 жылы Ақтоғай аудандық сотының сот отырысының хатшысы болып бастады. Өз саласының қыры мен сырын жетік менгеріп, ысылған жас маман кейін сот орындаушысы лауазымына ауысады. Абыройлы қызмет атқарып, жүктелген міндеттің үдесінен шыққан Самат ағамызды 1997 жылы Шет аудандық сотының судьясы қылып тағайындайды. Осылайша, жемісті



еңбек еткен Сәкен 1999 жылы Ақтоғай аудандық сотының төрағасы, 2008 жылы Қарағанды облысы №2 Осакаров аудандық сотының төрағасы болып тағайындалады. 2013 жылдың 2-ші қыркүйегінен бастап бертінге дейін Ақтоғай аудандық сотының судьясы міндетін атқарды. Заңбұзушылықтың зардабын тартқан, яки куәсі болған талай жан осы Самат ағамызға жүгініп, заң шеңберінде тиісті жауабын ала алды деп толықтай айта аламыз.

– Елімізді экономикалық тұрғыда дамытуда, сот саласын реформалауға ерекше мән беруінің арқасында көптеген жетістікке қол жеткіздік. Атап айтқанда, қазіргі экономикалық, банктік, әлеуметтік, тағы басқа салалардағы қол жеткен табысымыз, уақытылы өткізілген құқықтық реформа болмаса, осындай деңгейге көтерілуі мүмкін емес еді.

Сот саласындағы реформалардың мақсаты – судьялардың заңгерлік білімін одан әрі жетілдіру, судьялар мен сот қызметкерлерінің мамандығын жетілдіру. Бір сөзбен айтқанда, заңдылық пен құқық қорғау саласында өркениет көшінен қалмау. Мемлекетіміз қаржы мәселесін шешіп, толық қамтамасыз етіп отыр. Енді сот жүйесіндегі өзекті мәселелерді уақытында шешу, озық тәжірибемен өркендей түсу – уақыт талабы болмақ, – деп Самат Маралбайұлы сөз сабақтады.

«Әділ бидің елін дау араламайды, әділ патшаның елін жау араламайды». Кешегі қара қылды қақ жарып, шаршы топта шындықтың шашбауын көтерген кешегі би-шешендердің мираскері болған бүгінгі судьяларға тек бір тұлғаның немесе бір өлкенің ғана емес, тұтас қоғам мен ардың жүгі артылады. Егерде әлдеқалай қапияда судьялар шалыс басса, әділетсіздік үстемдік алып, әділдіктің туы жығылатын еді. Сол себепті де кез келген жағдайда мәселені жан-жақты қарап, байыппен, заң мен ақылды ұштастыра отырып, шешім қабылдаған абзалырақ. Біз «Аталыдан би қойсаң, адапас жол мен жобадан» деген қазақтың тәмсілін басшылыққа ала отырып, мемлекеттік сот жүйесіне бар білімі мен білігін сарп еткен Самат ағамызды өскелең ұрпаққа өнеге қылғанды жөн санадық.

**Бетті дайындаған
Еркебұлан АЙТЖАН.**

Теріс ағымға түспеу үшін не істеу керек?

Қазіргі жағдайда қоғам дамуының тұрақсыздандырушы факторларының бірі адамның және азаматтың заңмен қорғалатын құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін деструктивті діни идеологияның таралуы, жеке адамның рухани, психикалық немесе дене денсаулығын әлсіретуге немесе бұзуға бағытталған идеяларды уағыздайтын, зорлық-зомбылыққа, рұқсат етілуге, дінаралық және ұлтаралық алауыздықты қоздыруға шақыруды жүзеге асыратын, азаматтық борышты, отбасылық міндеттерді, қоғамдық тәртіп нормаларын, адамгершілік пен имандылықты орындаудан бас тартуға итермелейтін деструктивті діни идеологияның таралуы болып табылады.

Біз рухани мұраттарымызға жат мінез-құлық нормаларының, қаралып отырған ортадағы моральдық және адамгершілік бағдарлардың – ашкөздіктің, нәпсіқандылықтың, қатыгездіктің кеңінен таралуының күәсі болып отырмыз. Адамның физикалық және психикалық денсаулығына айтарлықтай зиян келуі мүмкін. Нәтижесінде әртүрлі аурулар дамиды, адамның моральдық келбеті, дәстүрлі құндылықтар мен мұраттар жойылады.

Деструктивті жалған діни культтер мен ұйымдар діни қызметпен, сондай-ақ білім беру және мәдени бастамалармен жабылады. Олар дәстүрлі дінділікке қарсы әрекет етеді және жеке тұлғаның табиғи, үйлесімді жағдайына, сондай-ақ жасампаз қоғамдық дәстүрлер мен нормаларға, қалыптасқан әлеуметтік құрылымдарға, мәдениетке қатысты.

Діни деструктивті ағымдар идеологиясының негізі – экстремизм, ол қоғам көзқарасы тұрғысынан жекелеген әлеуметтік топтар – таптардың, этникалық топтардың, қозғалыстардың, бірлестіктердің мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған экстремалды көзқарастар мен әрекеттер жүйесін білдіреді. Экстремизмнің тән белгісі – күрестің негізгі әдісі ретінде зорлық-зомбылықты әртүрлі нысандарда заңсыз пайдалану. Әдетте, экстремизмнің өсуіне әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар, халықтың негізгі бөлігінің өмір сүру деңгейінің күрт төмендеуі және басқалар ықпал етеді.

Жүргізілген зерттеулерге сәйкес, терроризмнің негізгі себептері – кедейлік, жұмыссыздық, сауатсыздық, қолжетімді тұрғын үйдің жетіспеушілігі, білім беру және оқыту жүйесінің жетілмегендігі, өмірлік перспективалардың болмауы, халықтың иеліктен кетуі және маргинализация, әлеуметтік теңсіздіктің шиеленісуі, отбасылық және әлеуметтік байланыстардың әлсіреуі, тәрбиенің кемшіліктері, көші-қонның теріс салдары, мәдени ерекшеліктің бұзылуы, мәдени нысандардың жетіспеушілігі, бұқаралық ақпарат құралдарында зорлық-зомбылықтың өсуіне әкелетін идеялар мен көзқарастардың таралуы.

Экстремизм қатерлі ісік секілді, егер алдын алмаса, уақыт өте келе ол өсіп, терең тамыр алады, сондықтан халықтың діни сауаттылығы өте маңызды. Ал діни сауаттылық – оқыту, ағарту және әдебиет арқылы білім алу. Қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбаев қара сөзінде: «Адам – өз заманының баласы. Егер ол жаман болса, оның замандастары да кінәлі», – деп айтқан болатын.

Деструктивті діни идеологияның таралуына жол бермеу бойынша алдын алу жұмыстарының негізгі міндеттерінің бірі қоғамда толерантты дүниетаным негіздерін қалыптастыру болып табылады. Түрлі экстремистік ағымдардың ықпалына түспес үшін адамдармен жұмыс істеудің ең тиімді әдісі – бұл халық арасында сауатты және салмақты ақпараттық-түсіндіру саясаты.

Әрине, бұл бағытта этномәдени орталықтар, үкіметтік емес және жастар ұйымдары өкілдерінің, түрлі салалардағы беделді азаматтардың діни экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы белсенді қызметін әлбетте пайдалану қажет. Қоғам өкілдері экстремизм мен терроризмнің әртүрлі түрлерінің көріністеріне төзіп қана қоймай, кез келген деструктивті көріністерге өздерінің ұнамсыздығын ашық білдіргені маңызды.

Атап айтқанда, жастардың деструктивті діни-экстремистік ұйымдар мен топтардың шынайы міндеттерін, олардың ең басты қауіп-қатерлерін түсінуіне

қол жеткізу қажет. Әрине, деструктивті күштердің жастардың жас ерекшеліктерін пайдалануын болдырмау үшін жастар проблемаларын шешу, жас ұрпақ арасында қылмыстың, нашарлықтың, маскүнемдіктің алдын алу және жолын кесу бойынша пәрменді шаралар қабылдау қажет.

Бүгінгі таңда экстремизм мен терроризм идеологиялары дінді пайдаланып, діни риториканың ерекше құралдарымен қаруланып, халқымыздың белгілі бір топтарының санасына деструктивті әсер ете алды деп айтуға болады. Мысалы, «Хизб-ут-Тахрир», «Орталық Азия можахидтерінің жамағаты», «Джунд әл-Халифат», «Таблғи жамағат» сияқты экстремистік және террористік ұйымдардың негізінен жастар өкілдерінен тұратындығы бізді алаңдатады.

Қазіргі кезеңде мемлекет сапалы білімге қол жеткізу, тәрбиелеу, жастардың денсаулығын сақтау және жұмысқа орналастыру, өскелең ұрпақтың бойында азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді қалыптастыру үшін жағдай жасау тұрғысынан мемлекет пен қоғамның жастарға қажетті әлеуметтік-экономикалық және моральдық қолдау көрсетуін қамтамасыз етуге бағытталған белсенді жастар саясатын іске асырып жатқанын атап өткен жөн.

Ақпараттық технологиялардың дамуы ғаламдық және шын мәнінде шексіз Интернет арқылы жастардың экстремистік және террористік ұйымдардың радикалды идеяларына ұшырау қаупін арттырады. Бүгінгі таңда қазіргі адамдар үшін «танымның» негізгі көзі – радикалдар өз қатарына жаңа мүшелерді тарту үшін шебер қолданатын Интернет.

Заманауи технологиялар адамға қабылдаудың барлық негізгі арналары арқылы әсер етуге мүмкіндік береді. Негізгі сайт пен жеке видеоканалдан, көптеген роликтер мен баннерлік жарнамадан басқа, жалданушылар нақты уақыт режимінде ДРТ-ның дұға жиналыстарына азаматтардың қатысу мүмкіндігін жасайды, семинарлар, конференциялар, онлайн режимінде деструктивті діни қызметтер және тағы басқалар таратылады. ДРК ең белсенді қолданылатын алаңдардың бірі – vkontakte.ru және facebook.com. әлеуметтік желілері. Мұнда террористік ұйымға одан әрі жалдау үшін топтар мен жалған аккаунттар құрылады. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерді пайдаланушылар сектаға «қызығушылық» топтары арқылы кіре алады, олар іс жүзінде осындай топтарды құрушылардың шынайы ниеттерін білдіреді.

Мемлекет деструктивті сайттарды/порталдарды/интернет-беттерді/форумдарды анықтау тұрғысынан интернет-кеңістігінің мониторингін тұрақты негізде жүргізіп келеді.

Осы мониторинг арқылы «деструктивті», «құрамында діни терроризм белгілері бар» интернет-ресурсты анықтайтын дінтану сараптамасы жүргізіледі. Қарсы әрекет ету әдістерінің бірі – желідегі деструктивті мазмұнды жедел жою және оған қолжетімділікті жабу. Сараптамалар қорытындысының негізінде әкімшілер осы ресурсқа қолжетімділікті, не Қазақстанның ақпараттық кеңістігіндегі ресурстың өзін жабу туралы мәселені шешеді.

Бүгінгі таңда мемлекет пен азаматтар радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен көріністеріне қарсы біртұтас майдан болуы тиіс екендігіне қоғамның назарын аудару қажет. Қоғамның барлық мүшелерінің, ең алдымен, оның белсенді бөлігі – зиялы қауым, үкіметтік емес ұйымдар, БАҚ-тар атынан қоғамды діни экстремизм қаупінен қорғау жөніндегі іс-қимылдарға қатысуы маңыздылығын атап өткен жөн.

Этносаралық және дінаралық келісім кез келген қоғам тұрақтылығының маңызды элементтері болып табылады. Соңғы уақытта әлем көптеген этникалық және діни қатығыстардың күәсі болды. Сондықтан этникалық және діни салалардағы келісім мен төзімділік немесе толеранттылық біздің еліміздің өте құнды қазынасы болып табылады.

А.Сүйіндік,
аудандық мешіттің бас имамының міндетін атқарушы, наиб имам.

Еске алу



Ақтоғай ауылының тумасы, ардақты анамыз, немерелерінің асыл әжесі **Қажығалиева Бибігүл Мәметқұлқызының** өмірден өткеніне қырық күнге жуықтады. Бала-шағасына әрдайым қамқор болып, бар мейірімі мен ақыл-төгіп отыратын анамызды сағынышпен еске аламыз. Көзден кетсе де, көңілден кетпейтін асыл жанның орны ойсырап, төріміздің сәні мен мәні кеткендей жан жүрегіміз жабырқауда.

Анамыз саналы ғұмырында ұстаз ретінде білім саласының дамуына, шәкірт тәрбиесіне бойындағы бар білімін жұмсап, жемісті еңбек еткен мұғалімнің бірі еді. Жүріп өткен өмір жолы бүгінгі және келер ұрпаққа өнеге боларлықтай артына із қалдырған аяулы анамыздың жарқын бейнесі мәңгі жүрегімізде сақталады.

Мейірімді жүзіңіз бен әрбір айтқан аналық ақыл-кеңесіңіз көңілімізде, санамызда жаңғырып тұр. Бүгінгі күні аяулы анамызды сағынышпен еске ала отырып, жаныңыз жәннатта, тәніңіз рахатта, Алладан рахым, Пайғамбардан шапағат болсын, нұрыңыз пейіште шалқысын деп әуағыңызға дұға бағыштаймыз. Артында қалған балалары мен немерелеріне ұзақ та бақытты ғұмыр нәсіп етсін.

Қош, анашым, ендігі өмір мәңгілік, Ұрпағыңа келе берсін таң күліп.

Асыл бейнең, жарқын жүзің сақталып, Жүрегімізде жүреді әркез жаңғырып.

Сағынышпен еске алушылар: балалары – Абзал-Гүлшара, Дәулет-Бақыт, немерелері – Гүлназира-Мақсат, Ерсін-Гүлдана, Дамира, Ернар-Айнаш, Ерасыл-Фарица, Зарина және шөберелері.

Анамыздың өмірден өткеніне қырық күн толуына орай Ақтоғай ауылы «Ай-Фар» мейрамханасында 1 шілде күні сағат 13.00-де ас беріліп, Құран бағышталады. Асқа туған-туыс, құда-жекежат, көрші-қолан, бірге істейтін әріптестерді, ата-анамызбен сыйлас болған барша ағайынды шақырамыз.

Еске алу



Қызыларай ауылының тұрғыны, ардақты бауырымыз **Айдос Надира Айдосқызының** сағынышпен еске аламыз. «Ажал айтып келмейді» деген

дей, баламыздың бұл дүниеден мезгілсіз аттанып кете барғанына 6 жыл толды. Дүние жалған деген осы болар.

Күні кеше ғана арамызда күліп-ойнап жүрген балапанымыздан айырылып қаларымызды кім біліпті. Бауырымыздың өмірден ерте өтуі отбасымыз үшін ауыр соққы болды. Өмір қызығы енді басталар сәтінде сұм ажал құрығына іліндіріп, ортамыздан алып кеткеніне әлі де сенбей келеміз. Көкірегіміз қарс айырылып, қабырғамыз қайысқанымен, Алланың ісіне шара бар ма? Ардақты жанның жарқын бейнесін еске ала отырып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, қабірі Алланың нұрына бөлгенін деп рухына дұға бағыштаймыз.

Жанарға мұң, санаға сұрақ толып, Бұл өмірде жоқ екен тұрақтылық. Топырағын торқа болсын, аяулы жан, Мекеніңді бұйыртсын жұмақ қылып.

Рухына тағзым етіп, еске алушылар: анасы – Гүлжамал және аға-женгелері.

Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжінің ұжымы колледждің 2-курс студенті **Секен Сайран Секенұлының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты ата-анасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Жерлесіміз – Универсиада жеңімпазы



24 мамыр күні ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен, Yessenov University ұйымдастыруымен алғаш рет Ақтау қаласында XII жазғы Универсиада ойындары басталған болатын. Бір айға – 24 маусымға дейін жоспарланған студенттер сайысы спорттың 17 түрін өтті. Оған еліміздің 55 университетінен 3000-нан астам студент қатысқан.

Ел жастарының басын қосқан дүбірлі додаға ауданымыздың спортшылары да қатысып, бақтарын сынады. 22 маусым күні қорытындыланған универсиада нәтижесі бойынша ауданымыздың спортшысы Әлібек Сейілхан қазақ күресінен 100 келіден жоғары салмақ дәрежесінде қола жүлде иеленді.

Бұқаралық ақпарат құралдары таратқан мәлімет бойынша бұл Ақтау универсиадасының жеңімпаздары 28 шілде - 8 тамыз аралығында Қытайда өтетін XXXI Дүниежүзілік жазғы Универсиадаға және 24-29 қыркүйекте Түркістанда өтетін II Түркі Универсиадасына қатысуға жолдама алады.

А.Жолдыбай,
ҚарУ-дің студенті.

Таяуда жыл сайын жастар арасында дәстүрлі өтіп жүрген ауыл спортшыларының XXXV аудандық «Сарыарқа-2023» жазғы аудандық спартакиадасы болып өтті. Аудандық спартакиаданың биылғы ерекшелігі, ұлттық спорт түрлері, яғни асық ату және бес асық ойындарымен толыққан. Ауыл жастарының жазғы спартакиадасын ауданның деңгейін шынықтыру және спорт

Ауыл спортшыларының жазғы спартакиадасы



бөлімінің басшысы Айдос Кішкентаев салтанатты түрде ашып, спортшыларға сәттілік тіледі.

Жарыс салтанатты ашылған соң, жазғы спартакиаданың сайыстары басталып кетті. Ауыл спортшыларының басын біріктіретін осынау бәсеке спорттың 8 түрін (бес асық, асық ату, үстел теннисі, қол күресі, кір тасын көтеру, шашки, шахмат және президенттік көпсайыс) жүлделерді сарапқа салды.

Жыл сайын дәстүрлі жарысқа қатысушылар қатары артып келеді. Тартысқа толы болған дүбірлі додаға спортшылар жоғары дайындықпен келген. Әр спортшы өз ауылының намысын қолдан бермеуге тырысты.

Дода бар жерде мәре бар. Жарысқа қатысуға өз ықыластарын білдірген командалар әдемі ойын өрнегін көрсетті. Тартысты бәсекеде ауыл жастары спорттық іс-шаралардың тек жанкүйерлері ғана емес, белсенді қатысушылары бола алатынын іспен дәлелдеді.

Жалпы спартакиада қорытындысы бойынша командалық есепте I орынды Ақтоғай ауылы командасы жеңіп алса, жүлделі II орынды Жидебай ауылдық округі, III орынды Қарамөңде би ауылдық округі командасы иеленді.

Барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Өз тілшімізден.

Сатылады

Косилка КТП-4 – 1650000 теңге
Косилка КТУ-6 – 1800000 теңге
Жеткізіп беру бар.
Субсидия алуға барлық құжаттар ұсынылады.
Каспи арқылы бөліп төлеу бар.

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті ағамыз **Едебеков Қазтай Несіпбайұлы!**

Сізді зейнеткерлік жас – 63-ке толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, жылы лебізге толы тілектерімізді жолдаймыз. Денсаулығыңыз қуатты, ғұмырыңыз шуақты болсын. Ұзақ ғұмыр кешіп, ортамызда аман-есен жүре беріңіз. Әрбір күн сізге зор қуаныш, әр атқан таң арайлы шаттығын сыйға тартсын. Осындай тағлымды биікте еңсерер мұратыңыз орындалып, асқаралы асудан асып, абырой мен мәртебеге бөленіп, әрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

Есіміңіз әрдайым алтын, асыл,
Құтты болсын туған күн – 63 жасың.
Өміріңіз қуаныш пен шаттықта бол,
Көңіліңіз жұлдыздай жарқырасын!

Тілек білдірушілер: Қанат-Бақыт, Бағдат.



Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті досымыз **Жаңабергенов Нұрлан Көмірбайұлы!**

Ердің жасы, мерейлі 50 жасқа толған туған күнің құтты болсын! Осы қуанышты күні деніңнің саулығың, шаңырағына ырыс байлығың, жүрегіңе мәңгі жастық жалының, көңіліңе сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Отбасыңнан ынтымақ, басыңнан бақ таймасын! Көңілің ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында кайғы-мұңды білмей, еркін жүзе бер, дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройың әрдайым артып, аңсаған арманыңның асуларына жете бер!

Құтты болсын келген туған күніңіз,
Тілекші көп, біз де соның біріміз.
Үзілмесін өміріңнің жыр-өні,
Бақытыңның өрге тартып бұлағы.
Еңбегіңнің тек зейнетін көре бер,
Келер күннің сәулелі болып шуағы.

**Ігі тілекпен: Мейірбек-Айнұр, Талғат-Гуля,
Қанат-Нұрилла, Жасұлан-Бақыт,
Сағынбек-Гүлшат, Төлген-Әсел, Фибрат-Лаура,
Мінайдар.**



Жарамсыз деп танылсын

Қусақ ауылдық округінің тұрғыны, «Рахат» шаруа қожалығының жетекшісі Кадырберлин Даулеттің ЖСН 640620301130 атындағы Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 ФКЗ» маркалы, заводтық нөмірі 000001306507, шыққан жылы 2014 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Шабанбай би ауылдық округінің тұрғыны, «Береке» шаруа қожалығының жетекшісі Калиев Ернат ЖСН 810807350042 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 ФКЗ» маркалы, заводтық нөмірі 000001308088, шыққан жылы 2014 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қусақ ауылдық округінің тұрғыны, «Талбасы» шаруа қожалығының жетекшісі Бекмағанбетов Мараттың ЖСН 710721301214 атындағы Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Меркурий 115 Ф» маркалы, заводтық нөмірі АА00466123, шыққан жылы 2014 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Редактор үшін **Д.КАБЫЛ**

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үйі.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

